**Қазақстан Республикасының сейсмикалық қауіпті аймақтарындағы ғимараттар мен құрылыстардың сейсмикаға төзімділігін арттыру жөніндегі кезек күттірмейтін шараларды іске асырудың 2000-2002 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 23 қараша N 1748

"Қазақстан Республикасының сейсмикалық қауіпті аймақтарындағы ғимараттар мен құрылыстардың сейсмикаға төзімділігін арттыру жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 ақпандағы N 308 P000308_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының сейсмикалық қауіпті аймақтарындағы ғимараттар мен құрылыстардың сейсмикаға төзімділігін арттыру жөніндегі кезек күттірмейтін шараларды іске асырудың 2000-2002 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.К. Ахметовке жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 23 қарашадағы
N 1748 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының сейсмикалық қауіпті аймақтарындағы
ғимараттар мен құрылыстардың сейсмикаға төзімділігін арттыру
жөніндегі кезек күттірмейтін шараларды іске асырудың 2000-2002
жылдарға арналған іс-шаралар
Жоспары

----------------------------------------------------------------------

Р/с! Іс-шаралардың атауы ! Аяқталу ! Орындалу ! Орындалуына

| N | | нысаны | мерзімі | жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Республиканың сейсмикалық қауіпті аймақтарында орналасқан елді мекендер құрылыстарын сейсмикаға қарсылығын күшейтуді талап ететін немесе бұзуға жататын ғимараттар мен құрылыстарды анықтай отырып, тексеруді қамтамасыз ету | Ғимараттар мен құрылыстар. дың сейсми. каға төзім. ділігін ба. ғалайтын олардың тексеру кәртішкесі | 2000-2001 жж. | Тиісті облыс. тардың және Алматы қала. сының әкімдері |
| 2 | Бірінші кезекті объектілер: мектеп, мектепке дейінгі балалар мекемелері, ауруханалар мен емханалар ғимараттарының, қалалар мен елді мекендер тіршілігін қамтамасыз ету объектілерінің (сумен жабдықтау, электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, байланыс тораптары және т.б.) сейсмикаға қарсылығын күшейтуді жүргізу | Ғимараттар. ды күшейту жөнінде орындалған жұмыстарды қабылдау және тапсыру кесімдері | 2001-2002 жж. | Тиісті облыс. тардың және Алматы қала. сының әкімдері |
| 3 | *Мұнай-газ кен орындарын дайындайтын аймақтар үшін сейсмикалық аудандандыру картасын жасауды жеделдету | Сейсмикалық аудандандыру картасы | 2002 ж. | Білім және ғылым министрлігі |
| 4 | *Республиканың сейсмикалық қауіпті аймақтарында тіркелген құрылыс өнімдерін стандарттау және сертификаттау зертханалары мен орталықтарын жабдықтау (қайта жабдықтау) жөнінде шаралар қабылдау | Тіркелген зертханалар. дың қолданы. лып жүрген талаптарға сәйкестігі туралы шешім | 2000-2002 жж. | Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | сертификаттау жөніндегі комитеті |
| 5 | *Сейсмикалық әсер кезінде ғимараттар жағдайының (реакциясының) өзгеруін бақылайтын сейсмометрлік станцияларды қайта жабдықтау жөнінде шаралар қабылдау | Станцияларды қазіргі заманғы сейсмометрлік жабдықтармен қайта жабдықтау | 2002 ж. | Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті |
| 6 | 2001 жылдың қаңтарынан бастап Ведомствоаралық комиссияға жарты жылда бір рет осы іс-шаралар жоспарын іске асырудың барысы туралы есеп ұсыну | Орындалған жұмыстар туралы есеп | 2001-2002 жж. | Тиісті облыстардың және Алматы қаласының әкімдері |
| 7 | Ғимараттар мен құрылыстардың сейсмикаға төзімділігін арттыру жөніндегі шараларды іске асыруды одан әрі дамыту іс-шараларының жоспарын әзірлеу | Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасы, 2003-2006 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары | 2002 ж. | Тиісті облыстардың және Алматы қаласының әкімдері |

-----------------------------------------------------------------------

Ескерту: * - тиісті жылға арналған республикалық бюджетте бюджеттік бағдарламалар бойынша осы мақсаттар үшін көзделген қаражат шегінде

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК